«Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бірінші сынып білім алушыларының мектепке бейімделуі бойынша қиындықтардың алдын алуға бағытталған диагностикалау қорытындысының

ХАТТАМАСЫ №

**Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті. (Керн-Йирасек)**
Мақсаты: Балалардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау.
Бұл тест 3 тапсырмадан тұрады.
Еске байланысты ер адамның тұлғасын салу.
Жазба әріптерін салу, көшіру.
Нүктелер тобын салу.

**Нәтижелерді өңдеу және талдау.**

Әр тапсырманың нәтижесі 5 ұпайлық жүйемен бағаланады. (1-жоғары ұпай, 5-төмен ұпай). Содан кейін 3 тапсырма бойынша ұпайлар қосындысы есептелініп, жалпы саны шығады. 3 тапсырма бойынша 3-6 ұпай аралығында ұпай алса-ортадан жоғары, 7-11 орташа, 12-15 нормадан төмендеген қорытынды шығады.

12-15 ұпай алған балаларға зерттеу қайта жүргізу керек. Себебі олардың арасында ақылы кем балалар кездесуі мүмкін.

Берілген графикалық тесттің 3 тапсырмасы қол қимылының және көруінің дамуын анықтауға бағытталған. Бұл іскерліктер мектепте жазуға қажет. Сонымен қоса, тест балалардың ақыл-ой дамуын көрсетеді (Ер адам бейнесі бойынша). Әріптер мен нүктелер салу үлгіні қайта жаңғыртуын, сондай-ақ балалардың өзіне қызықсыз бір іспен шұғылдана алуын (алаңдамай) көрсетеді.
К.Иирасек тестін жетістік пен орындау және әрі қарай оқудағы жетістіктердің арасындағы байланысты көрсететін зерттеу жүргізіледі. Тестті жақсы орындағандар мектепте де жақсы оқиды, бірақ тестке нашар жауап бергендер де мектепте жақсы оқи алады. Сондықтанда К.Иирасек тестін зерттеудің нәтижесін балалардың жетілу бекітпесінің негізі деуге болады. Бұл тестті толық, жеке түрде өткізуге болады.
1 – тапсырма: «Қандай да бір ер адамның суретін сала алғаныңша сал» деп түсіндіріледі. Бұл әдістемені әр баламен жеке дара немесе топпен жүргізуге болады.
2 – тапсырма: Нүктелердің жанына дәл осындай етіп нүктелер салу.
3 – тапсырма: Берілген сөйлемді көшіріп жазу.
Бағалау деңгейі: Бұл әдістемеге 54 оқушы қатысты.
Оның ішінде: 21 оқушы жоғары деңгейде
13 оқушы ортадан жоғары
17 оқушы орта деңгейде
3 оқушы төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетті.
3 оқушы төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетті



**Қорытынды:** Жалпы 1 «а,ә,б» сыныпқа берер ұсынысым мектепке даярлығының көрсеткіші «жақсы» деген дәрежеде. Үлгі бойынша тапсырмаларды орындай алатындығы және мұғалімнің түсіндіргені бойынша балалардың өз әрекеттерін ұйымдастыра алатындығы «жақсы» деңгейде екені анықталды

**2. «Графикалық диктант» әдістемесі (Д.Б.Эльконин)**
Мақсаты: Баланыңеріксаласының даму деңгейінанықтау.
Әдістеметөртбақылаудиктантынантұрады, оныңбіріншісіжаттығу диктанты.
**Нәтижелердіөңдеужәнеталдау.**
Өрнектіқатесізсалғанға 4 ұпай. 1-2 қатекеткенге 3 ұпайқойылады.
2 қатеденкөп болса-2 ұпайқойылады. Дұрыссалғаннанқатесалынғаныкөп болса-1 ұпай қойылады. Егер дұрыс салынбаса-0 ұпай қойылады.
10-12 ұпай-жоғары.
6-9 ұпай-орташа.
3-5 ұпай-төмен.
0-2 ұпайөтетөмен.

1 кесте

| № | Мектеп сынып | Графикалық диктант | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғарғы 10-12 ұпай | орташа 6-9 ұпай | төмен 3-5 ұпай | Өте төмен 0-2 ұпай |
| | Барлығы | 21 | 30 | 3 | |
| | % | | | | |

Бұл тексерістерді жеке дара және фронтальды түрде өткізуге болады. Балаларды столдарға жекелеп отырғызу керек.

Әр баланың алдына жеке тапсырма жазылған дәптер беріледі. Экспериментатор барлық балаға бірдей көрінетіндей жерде тұру қажет. Балалардың алдындағы дәптерлерді алып, №1 тапсырманы көрсетеді. Содан соң айтады: «Дәптерлеріңнің бірінші бетін ашыңдар. Қараңдар: сендерде де менің дәптерімдегідей сурет салынған (егер кейбір балалар басқа бетті ашып отырса, психолог дұрыс бетті көрсетеді)»

**Ұсыныс**:
1. Бірінші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделу деңгейін зерттеуді жалғастыру;
2. Сабақтарына қатысып бақылау жасау;
3. Түзету – дамыту жұмыстарын жүргізу

Педагог-психологтар: Т.Оразбекова
З.Наурызбаева




